

Көшелердің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новопокровка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 9 ақпандағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 наурызда № 4902 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4-тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссияның 2016 жылғы 1 қарашадағы қорытындысына сәйкес және тұрғындардың пікірін ескере отырып, Новопокровка ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Новопокровка ауылдық округі Новопокровка ауылының көшелерінің атауы: Советская көшесі Тәуелсіздік көшесіне; Семилетка көшесі Төлеубай Аманов көшесіне өзгертілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімінің
міндетін атқарушы*

И.Бельская